

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 231 Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 11 ақпандағы N 735 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2010.03.19 № 958 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі 122-бабының 2-тармағына және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 2-тармағына

с ә й к е с

Қ А У Л Ы

Е Т Е М І Н :

1. "Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007 - 2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 231 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 47, 499-құжат) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007 - 2011 жылдарға арналған мемлекеттік б а ғ д а р л а м а с ы н д а :

"Халықаралық маңызы бар "белсенді" жобаларды іске асыру" деген 5.9-бөлімінің "Астана қаласын және Ақмола облысын дамыту" деген 2-кіші бөлімі мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Ақмола облысының Щучье ауданында "Бурабай" арнайы экономикалық аймағының шекарасында туристік ойын-сауық кешенін салу."

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру үшін қажетті шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*

